

**Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты қолданысқа енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2218. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006.08.17. N 324 бұйрығымен.

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006.08.17. N 324 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

*1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:*

*2) "Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты қолданысқа енгізу туралы" 2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 (Қазақстан Республикасының құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 28 наурызда N 2218 болып тіркелген) .*

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы шақыру учаскелеріне азаматтарды тіркеуді өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 қазандағы N 1072 қаулысына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін және 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Нұсқаулықтың орындалуын бақылауды ұйымдастырсын.

3. Бұйрық облыстық және аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға жеткізілсін.

*Армия генералы*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
"Азаматтарды шақыру учаскелеріне  
тіркеуді дайындау және жүргізу  
жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"  
2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді  
дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулық**

1. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жыл сайын қаңтар-наурыздың ішінде тіркеуге тұратын жылы 17 жасқа толатын Қазақстан Республикасының азаматтары шақыру учаскелеріне тіркеледі.

Тіркеу азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау, жалпы білім деңгейін, алған мамандығы мен дене даярлығын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу туралы мәліметтер негізінде аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бойынша шақыру ресурстарын алдын ала бөлуді жүргізеді, "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - әскери-техникалық мектеп) оқу ұйымдарына әскери-техникалық мамандықтар бойынша оқуға жіберу үшін кандидаттарды алдын ала іріктеу жүргізеді, әскери оқу орындарына түсуге тілек білдіретін адамдар анықталады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар олардың тұрғылықты жері бойынша жүргізеді.

2. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізер алдында аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар жыл сайын мынадай дайындық жұмыстарын жүргізуге міндетті:

1) ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін әскери міндеттілердің, әскер қатарына шақырылушылардың, сондай-ақ шақыру жасына дейінгі жастардың бастапқы есебін жүргізу жүктелген, шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын жастардың тізімін аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға ұсынуға міндетті аудандық (қалалық) статистика ұйымдары немесе салық инспекциясы ұйымдары арқылы меншік нысанына қарамастан жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың тізбесін анықтауға (1 - қосымша);

2) ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей тіркелуге жататын азаматтардың тізімін сұратуға;

3) аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар қызметкерлерінің жергілікті жерлерге шығып немесе есепке алу жөніндегі құжаттармен тиісті лауазымды тұлғаларды әскери комиссариаттарға шақырып ұсынылған тізімнің сапалы жасалуын және шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын жасөспірімдердің барлығы енгізілгенін тексеруге;

4) меншік нысанына қарамастан тұрғын үйлерді пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардан алынған тізімдерді (1-қосымша), азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жасалған, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардан, білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардан алынған ұқсас тізімдермен салыстыруға және ұсынылған тізімдерге жасөспірімдердің барлығы да енгізілгеніне көз жеткізуге;

5) ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын азаматтардың құрама тізімін (2-қосымша), салыстырылған тізім негізінде (1-қосымша) жасауға;

б) тіркелуге жататын азаматтарға мыналарды сұратуға:

емдеу-алдын алу мекемелерінен - оларға жасөспірімдерге қосымша парақтарымен амбулаторлық науқастың медициналық картасын, егулер туралы мәліметтері, жүйке-психикалық, наркологиялық, тері-венерологиялық, инфекциялық аурулары, туберкулез, "АҚТҚ-инфекциясын тасымалдауы, (ЖҚТБ ауруы)", трахомасы, ішкі мүшелердің созылмалы аурулары, хирургия саласындағы аурулары бойынша есепте тұрған адамдардың тізімі, азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын сырқат тарихының көшірмесі, дәрігерлік тексеру мен диспансерлік қадағалау мәліметтері;

Халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарынан - мүгедек деп танылған адамдар туралы мәліметтерді;

тәрбиесі қиын балалар мен жасөспірімдер үшін көмекші мектептер мен арнайы білім беру ұйымдарынан - медициналық-педагогикалық мінездемелер;

ішкі істер, прокуратура мен сот органдарынан - қылмыстық жауапкершілікке тартылған, тергеуде болған, сотталған, ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың тізімін;

денсаулық сақтау департаменттерінен (басқармаларынан) - стационарлық (амбулаторлық) тексеру мен емделуге мұқтаж әскер қатарына шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды тексеруге, емдеуге бекітілген емдеу-алдын алу мекемелерінің тізімін.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының азаматтарды тіркеу учаскелеріне тіркеуді жүргізу туралы директивасын алысымен мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1) облыстық әскери комиссариаттар:

азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізудің тәртібі мен мерзімі туралы жоспарды әзірлейді және аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға ұйымдық-әдістемелік нұсқау береді;

аудандық (қалалық) әскери комиссарлармен және 2-ші бөлімшелердің (шақыру) бастықтарымен азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және жүргізу жөнінде бір күндік нұсқаулық-әдістемелік сабақтар өткізеді;

облыстық денсаулық сақтау департаменттерімен (басқармаларымен) бірлесіп тіркелуге жататын азаматтарды медициналық куәландыру үшін емдеу ұйымдарының дәрігер-мамандарын тарту тәртібін айқындайды;

2) аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарда азаматтарды шақыру учаскелеріне (3-қосымша) тіркеуді жүргізу туралы әскери комиссардың бұйрығы шығарылады, азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жоспарын әзірлейді, онда мыналар қамтылады:

азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу үшін хабарлау тәртібі мен шақыру мерзімі;

тізімді жасау мен азаматтардың шақыру учаскелеріне күн бойынша келудің мерзімі (күніне 50 адамнан асырмай шақырылады);

тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар іс-шаралары;

шақыру пункттерінің үй-жайларын жабдықтау;

тіркелетіндерді медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандарды іріктеу;

азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдасқан және сапалы түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін техникалық қызметкерлер, қызмет көрсететін персонал мен көліктің қажетті санын бөлудің есебі;

тіркеуді жүргізуге тартылған адамдармен нұсқау өткізу мерзімі.

4. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді уақытылы және сапалы жүргізу жөніндегі жоспарланған іс-шаралар, ұсыныстар туралы облыстық және аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар жыл сайын ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін тиісті облыстар, аудандар (қалалар) жергілікті атқарушы органдардың әкімдерін хабардар етеді.

Азаматтарды тіркелуге келуі туралы хабардар ету аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың бұйрықтарымен және шақыру қағаздарымен жүргізіледі, оларды жергілікті өкілді және атқарушы органдар, білім беру ұйымдары мен меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар арқылы азаматтарға тапсыру, тіркеу белгіленген мерзімге 5 күн қалғанға дейін жүргізіледі. Тіркеуді жүргізу туралы аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың бұйрықтары жыл сайын ағымдағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірілмей шығарылуы тиіс. Шақыру учаскелеріне азаматтарды тіркеуді жүргізу үшін азаматтардың шақыру

учаскелеріне келуінің нақты мерзімдерін шақыру қағаздарында аудандық (қалалық) әскери комиссарлар белгілейді.

Ауыр науқастармен ауыратын, өз бетімен қозғалу мүмкіншілігінен айырылған азаматтар тиісті емдеу-алдын алу мекемелерінен немесе дәрігерлік-еңбек сараптама комиссияларының анықтамаларымен расталған болса, тіркеуге келуден босатылады.

Қажетті жағдайларда шақыру қағаздары азаматтарға тікелей олардың мекен-жайлары бойынша табыс етіледі.

5. Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар белгілеген мерзімде азаматтардың тіркеу учаскелеріне келмеуінің дәлелді себептері мыналар болып т а н ы л а д ы :

- 1) еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға байланысты аурулар (жарақаттар);
- 2) жақын туысының қайтыс болуы немесе ауыр науқастануы;
- 3) азаматты өзі келу мүмкіндігінен айыратын табиғи сипатты кедергілер немесе басқа да жағдайлар.

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

6. Тіркеуден өту үшін аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар шақыртатын барлық азаматтар, шақыру учаскелеріне мерзімінде және шақыру қағаздарында көрсетілген құжаттарымен келеді.

7. Тіркеуден өту үшін келген азаматтарды, оларды тіркеуден өту тәртібімен таныстыратын, олардың міндеттерін түсіндіретін шақыру пункті бойынша кезекші қарсы алады.

8. Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттың 2-ші бөлімше бастығы азаматтармен әңгімелесулер өткізеді, олар ұсынған құжаттардың болуын және толықтығын тексереді. Әскер қатарына шақырылушының тіркелетін есеп картасын (4-қосымша), әскер қатарына шақырылушының жеке ісін (5-қосымша) толтыру туралы шақыру учаскелерінде жұмыс істеу үшін тартылған техникалық қызметкерлерге нұсқау береді. Тізім бойынша келген күні бойынша тіркелуге келген азаматтардың есебін жүргізеді.

Тууы туралы куәліктің, білімі туралы құжаттың көшірмелері, жұмыс (оқу) орнынан анықтамасы, жұмыс (оқу) орнынан мінездемесі, отбасы құрамы туралы және әскер қатарына шақырылушыларды сипаттайтын басқа да құжаттар әскер қатарына шақырылушылардың жеке ісіне тігіледі. Қалған құжаттар, сондай-ақ кеуде қуысы мүшелерін рентгенологиялық зерттеу мәліметтері мен әскер қатарына шақырылушыны сипаттайтын басқа да материалдар, ішкі істер органдарының, алдын ала айқындау және алдын ала тергеу сот органдарының, азаматтық хал актілерін тіркеу ұйымдарынан тегін, атын, әкесінің атын

ауыстырғаны, туған күні мен орны туралы өзгерістер туралы хабарламалар әскер қатарына шақырылушылардың жеке істеріне тігіледі. Әскер қатарына шақырылушының есеп картасы оның жеке ісінде сақталады.

9. Медициналық куәландырудан бұрын барлық азаматтардың кеуде қуысы органдарын рентгенологиялық зерттеулер, қан анализі, зәр анализі, микрореакция, ЭКГ, туберкулин сынамасы, алдын ала егулер күнтізбесіне сәйкес алдын ала егулер, көрсетулер бойынша басқа да тексерулер жүргізіледі. Қан тобы және қандағы резус-қатыстығы жасөспірімдер қызметіне беру сәтінде 14-16 жасқа дейінгі балаларды емдеу-алдын алу ұйымдарымен анықталуы тиіс.

Медициналық куәландыру аяқталғаннан кейін әрбір дәрігер-маман әскер қатарына шақырылушының есепке алу картасына және Ережеде көзделген басқа да құжаттарына белгіленген диагнозды, әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бойынша тағайындалуының шектеуі туралы қорытындыны, куәландыру күнін жазады және бұны өз қолымен растайды. Сондай-ақ жасөспірімге арналған амбулаторлық аурудың медициналық картасындағы қосымша бетке медициналық куәландыру мәліметтері және белгіленген диагноз енгізіледі.

10. Тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына (6-қосымша) құрама тізімдерге (2-қосымша) сәйкес ауыр науқасқа шалдығып тіркеуге өздері келуге мүмкіндіктері жоқ адамдардан басқа шақыру учаскелеріне тіркеуге жататын барлық азаматтар енгізіледі.

Қосымша медициналық тексеруге жіберілген азаматтардың тіркеу жөніндегі комиссияның хаттама кітабының N 6 бағанына мынадай жазу жазылады: "Қосымша тексеруге (қайда) жіберілсін. 20\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ тіркеуге қайта к е л с і н . "

Осындай азаматтар туралы тіркеу жөніндегі комиссияның соңғы шешімі қосымша тексеруден өткеннен кейін қабылданады және бұл азаматтар тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына қайта жазылады. Егер азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу туралы қорытынды есеп жасағанға дейін жекелеген адамдар қосымша тексеруден өтіп үлгермеген болса, онда көрсетілген адамдар тіркеу туралы есепте 1-тізім бойынша емделуге (медициналық бақылауға) мұқтаждар ретінде көрсетіледі.

11. Әрбір жұмыс күнінің соңында тіркеу жөніндегі комиссия тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабындағы жазбалардың дұрыстығын тексереді және хаттамаға комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және тіркеу жөніндегі комиссияның барлық мүшелері қолдарын қояды.

12. Тіркеу жөніндегі комиссия әскер қатарына шақырылушының құжаттарын зерделеу және жеке әңгімелесу негізінде, оның кәсібін, мамандығын, білімін,

жалпы дамуын және медициналық куәландыру нәтижелерін ескере отырып тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына енгізілетін мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

саптық қызметке жарамды, ... (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары көрсетілсін) тағайындалсын;

саптық қызметке жарамды, ... (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары көрсетілсін) тағайындалсын, қосымша емделуге мұқтаж; емделуге (медициналық бақылауға) мұқтаж;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды;

әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз.

Тіркеу жөніндегі комиссия сонымен қатар басқа да шешімдер қабылдай алады, соның ішінде: тіркелуге келмеген азаматтарды іздестіруді ұйымдастыру жөнінде; шет елдердің азаматтарын, соттың үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдарды тіркеуден бас тарту және т.б.

13. Емделуге мұқтаждығы туралы шешім мерзімді әскери қызметке жарамдылық дәрежесіне дейін сауығуы мүмкін сырқаттары анықталған адамдарға қатысты қабылданады. Бұл адамдар емдеу-алдын алу ұйымдарында емделуге жатады. Олардың мерзімді әскери қызметке жарамдылығы туралы мәселені әскер қатарына шақыру кезінде шақыру комиссиясы шешеді.

14. Тіркеу кезінде әскери есептен шығарылып әскери қызметке жарамсыз және бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды болып танылған адамдарға тіркеу жөніндегі комиссияның шешімі негізінде, медициналық куәландырудан өткеннен кейін облыстық шақыру комиссиясының кезекті шақыруы кезінде белгіленген тәртіппен әскери билет беріледі, онда ол туралы тиісті жазулар жазылады.

15. I және II топтағы мүгедектер болып табылатын азаматтарға шақыру учаскелеріне тіркеуден өту кезінде комиссияның шешімі және мүгедектігін растайтын құжаттардың мемлекеттік нотариус куәландырған көшірмелері негізінде белгіленген тәртіппен "әскери міндетті емес" деген белгімен әскери билет беріледі. Қажет болған жағдайда әскери билет алатын адамның қолы қойылып жақын туыстарына берілуі мүмкін.

16. Емделуге немесе медициналық бақылауға мұқтаж әскер қатарына шақырылушылар тіркеуден кейін әскери комиссариаттың есебіне алынады және олар туралы мәліметтер 1-тізім немесе 2-тізім бойынша тіркеу аяқталғаннан кейін 5 күн ішінде денсаулық сақтау органына жіберіледі.

17. Аудандық (қалалық) әскери комиссар азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу процесінде мынадай әскер қатарына шақырылушыларды анықтауға м і н д е т т і :

1) отбасы жағдайына байланысты, оқуын жалғастыру үшін, басқа да себептер бойынша әскер қатарына шақыруды кейінге қалдыруға құқығы барларды, ол туралы әскер қатарына шақырылушының есепке алу картасының тиісті бөліміне б е л г і ж а с а у ғ а ;

2) емдеуге (медициналық бақылауға) мұқтаждарды емдеу жоспарына сәйкес оларға жолдама беріп (8-қосымша) емдеу-алдын алу ұйымдарына бекітуге;

3) денсаулық жағдайы және басқа да қабілеттері бойынша әскери-техникалық мектепте оқуға жарамдыларды, ол туралы әскер қатарына шақырылушының е с е п к е а л у к а р т а с ы н а ж а з у ғ а ;

4) әскери оқу орындарына түсуге тілек білдіргендерді және бұл туралы әскер қатарына шақырылушының есепке алу картасына және оны зерделеу парағына жазуға.

18. Әрбір жұмыс күнінің соңында аудандық (қалалық) әскери комиссар барлық азаматтардың олар үшін белгіленген күні тіркеуге келгенін жеке өзі тексеруге және ол туралы тіркеу жөніндегі комиссияның төрағасына хабарлауға міндетті. Тіркеуге белгіленген уақытта келмеген азаматтарға қатысты келмеу себебі анықталады және сонымен бір уақытта оларды қайта шақыру немесе іздеу салу шаралары қолданылады.

19. Шақыру учаскелеріне тіркелген азаматтарға жеке өзі қол қойып алатын тіркелгендігі туралы куәлік (7-қосымша) беріледі. Әскер қатарына шақырылушының есепке алу картасына және шақыру учаскесіне тіркелуі туралы куәлігіне әскери есепке тұрғандығы туралы тиісті мөртаңбамен белгі қойылады ( 9 - қ о с ы м ш а ) .

Шақыру учаскесіне тіркелуі туралы куәлікті тапсыру кезінде аудандық ( қалалық) әскери комиссариаттың екінші бөлімінің бастығы әскер қатарына шақырылушыларға әскери есепке алу ережелерін сақтау жөніндегі және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеруге дайындық тәртібін, ал емделуге (медициналық бақылауға) жіберу туралы шешім қабылданған адамдарға қатысты тиісті емдеу-алдын алу ұйымдарына жүйелі түрде бару қажеттігі туралы олардың м і н д е т т е р і н тү с і н д і р е д і .

Әскер қатарына шақырылушы шақыру учаскесіне тіркелгендігі туралы куәлігін жоғалтқан жағдайда оған куәліктің көшірмесі беріледі. Шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің көшірмесін беру аудандық (қалалық) әскери комиссардың шешімі бойынша және жоғалту жағдайлары көрсетілетін әскер қатарына шақырылушының жазбаша өтініші бойынша беріледі.



Тіркеу жөніндегі комиссиялар әскери есептен шығарып әскери қызметке жарамсыз және бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды деп танылған адамдардың, әскер қатарына шақырылушының есепке алу карталары растайтын құжаттармен бірге 10 жыл сақталатын жеке іске тігіледі.

20. Әскер қатарына шақырылушылардың жеке ісі мен есепке алу карталары негізінде күн сайын есептік-алфавиттік кітап (10-қосымша) толтырылады. Кітапқа тіркеуден өткен барлық әскер қатарына шақырылушылар, соның ішінде тексерілуге жіберілгендер, тіркеу кезінде бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды, әскери есептен шығарып әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар енгізілуі тиіс.

21. Шақыру учаскелеріне азаматтарды тіркеу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін аудандық (қалалық) әскери комиссарлар мыналарға міндетті:

1) тіркеуден өткен азаматтар сәуірде аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардағы есепке алу мәліметтерін жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың есепке алу мәліметтерімен мұқият салыстыруға және барлық азаматтардың шақыру учаскелеріне тіркелгеніне көз жеткізуге;

2) аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарда тіркеуден өткен әскер қатарына шақырылушыларға басталған жеке істердің барлығын тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабындағы, есептік-алфавиттік кітаптағы мәліметтермен және құрама тізіммен (2-қосымша) мұқият салыстыруға және ол туралы запасқа жіберілген тізімдерді қоса бере отырып акт жасауға;

3) шақыру учаскелеріне жүргізілген тіркеудің қорытындылары туралы есеп беруге және белгіленген мерзімде оны әскер қатарына шақырылушыны медициналық куәландырудың нәтижелерін, өткен жылмен салыстырғандағы сапалы көрсеткіштерін, сондай-ақ дәрігер-мамандармен және диагностикалық жабдықтармен қамтамасыз етілгендігін бейнелеп көрсететін түсіндірме жазбамен облыстық әскери комиссариатқа ұсынуға;

4) азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу аяқталғаннан кейін 10 күн мерзімде жергілікті атқарушы органның әкімін жүргізілген тіркеу қорытындылары туралы хабардар етуге және жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызметке даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітуге ұсынуға.

22. Шақыру учаскелеріне тіркеуге жататын, бірақ тіркелу үшін белгіленген мерзімде келмеген азаматтар келмеу себептері анықталғаннан кейін әскер қатарына шақырылушылардың әскери есебіне жеке ісін ресімдеумен және есептік-алфавиттік кітапқа енгізумен қабылданады. Көрсетілген азаматтарды

медициналық куәландыру және жарамдылық дәрежесін айқындау оларды мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде жүргізіледі.

23. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу жөніндегі жұмыстар аяқталысымен облыстық әскери комиссариаттар мыналарға:

1) аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардан алынған есеп берулер негізінде түсіндірме жазбамен бірге белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне ұсынылатын азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеудің қорытындылары туралы есептер беруге;

2) 15 күн мерзімде облыстың (қаланың) әкіміне тіркеу қорытындылары жөнінде ақпарат ұсынуға;

3) облыстың (қаланың) әкімі бекітетін жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызметке даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің "Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"

2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықтың 2-тармағына

1-қосымша

**19\_\_ жылы туған, шақыру учаскесіне тіркеуге жататын азаматтар**

**ТІЗІМІ**

(жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың атауы)

20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

N р/с	Тегі, аты-жөні	Жұмыс (оқу) орны және атқаратын қызметі	Тұратын жері	Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттың 1 қаңтардан кейін тіркеу аяқталғанға дейін болған өзгерістер туралы белгісі және құрама тізімде (2-қосымша) қандай реттік нөмірмен есепке алынған
----------	-------------------	--	-----------------	---

М.О.

Қолы \_\_\_\_\_

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

**Е с к е р т у л е р :**

1. Тізім анық қолтаңбамен баспа әріптерімен алфавит тәртібінде жазылады. Азаматтығына, соттардың үкімі бойынша бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқанына, денсаулық жағдайына, олардың тұрақты не уақытша тұратынына немесе жұмысына, (оқуына) қарамастан тіркеу жылында 17 жасқа толған азаматтардың барлығы тізімге енгізіледі.

2. Шақырылатын жастан асқан, бұрын шақырылу учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек азаматтар да осы тізімге жазылады. Олардың туған жылы 2-бағанда көрсетіледі.

3. Тізімге жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың басшылары қол қояды және сүргіленген елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

4. Тізім аудандық (қалалық) әскери комиссариатта тіркеледі, жеке іске тігіледі және 3 жыл бойы сақталады.

5. 5-бағанды аудандық (қалалық) әскери комиссариат толтырады. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің "Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықтың 2-тармағына 2-қосымша

\_\_\_\_\_ ауданында (қаласында) 19\_\_ жылы туған 20\_\_ жылы шақыру учаскесіне тіркеуге жататын азаматтардың ҚҰРАМА ТІЗІМІ

Р/с	Тегі,	Жұмыс (оқу)	Тұратын	Әскер қатарына шақырылушының
N	аты-жөні	орны және	жері	шақыру учаскесіне тіркелген
		атқаратын		күні және хаттамада қандай
		қызметі		рет нөмірімен жазылғаны туралы
				аудандық (қалалық) әскери
				комиссариаттың белгісі

1

2

3

4

5

\_\_\_\_\_ аудандық (қалалық) әскери комиссар

-----  
(әскери атағы, қолы)

\_\_\_\_\_ аудандық (қалалық) әскери  
комиссариаттың 2-бөлімшесінің бастығы

-----  
(әскери атағы, қолы)

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

**Е с к е р т у л е р :**

1. Азаматтығына, соттардың үкімі бойынша бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп жатқанына, денсаулық жағдайына, олардың тұрақты немесе уақытша тұратынына (жұмысына, оқуына) қарамастан тіркеу жылында 17 жасқа толған азаматтардың бәрі тізімге енгізіледі.

2. Шақырылатын жастан асқан, бұрын шақырылу учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек жастар да осы тізімге жазылады. Олардың туған жылы 2-бағанда көрсетіледі.

3. Тізім аудандық (қалалық) әскери комиссариатта 3 жыл бойы сақталады.

4. 5-баған жастарды шақыру учаскесіне тіркеген күні толтырылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
"Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
дайындау және жүргізу жөніндегі  
нұсқаулықты бекіту туралы"

2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
бекітілген Нұсқаулықтың 3-тармағына

3-қосымша

**А У Д А Н Д Ы Қ  
( Қ А Л А Л Ы Қ )**

**Ә С К Е Р И**

**К О М И С С А Р**

**БҰЙРЫҚ**

N \_\_\_\_\_

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласы

**Шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу туралы**

**\$1**

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңның , аудан (қала) әкімінің 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ шешімі негізінде 19\_\_ ж. туған азаматтарды \_\_\_\_\_ облысының шақыру учаскесінде тіркеу жарияланады.

**\$2**

19\_\_ ж. 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін туған, \_\_\_\_\_  
ауданы аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын, сондай-ақ туған жылы  
бойынша ересек, әр түрлі себептермен бұрын тіркеуден өтпеген азаматтардың  
бәрі тіркеуге келуге жатады.

### \$3

Шақыру учаскесінде тіркелуге жататын барлық азаматтар өзімен бірге жеке  
шақыру қағазында көрсетілген құжаттарды алып, өзіне нақты белгіленген күні  
мен сағатында мынадай мекен-жай бойынша \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ келуге міндетті. Жеке шақыру қағазын алмаған азаматтар көрсетілген  
мекен-жайға 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ күні ішінде өзінің жеке басын  
куәландыратын құжаттарды бірге алып келуге міндетті.

### \$4

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан  
Республикасының Заңы негізінде меншік нысанына қарамастан  
кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, ұжымшарлардың, оқу  
орындарының басшылары шақыру учаскесінде тіркелуге жататын азаматтарды  
тіркеуден өту үшін қажетті уақытта босатуға және олардың дер уақытында  
аудандық әскери комиссариатқа келуін қамтамасыз етуге міндетті.

\_\_\_\_\_ аудандық (қалалық) әскери комиссар

-----  
(әскери атағы, қолы)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
"Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
дайындау және жүргізу жөніндегі  
нұсқаулықты бекіту туралы"  
2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
бекітілген Нұсқаулықтың 8-тармағына  
4-қосымша

Есептік нөмірі \_\_\_\_\_  
(есептік-алфавиттік кітап бойынша)

### **ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ЕСЕП КАРТАСЫ**

фотосурет орны Тегі \_\_\_\_\_  
Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Төлқұжат: Серия \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

( к у ә л і к ,

тууы туралы куәлік) Берілген күні \_\_\_\_\_

Кім берді \_\_\_\_\_

### **1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

---

Т у ғ а н		к ү н і
Т у ғ а н		ж е р і
Ұ л т ы		
Тұрғылықты	мекен-жайы	(тел.)
А н а		т і л і
Мемлекеттік	тілді	меңгеруі
Орыс	тілін	меңгеруі
О қ у		о р н ы
О қ у		м е р з і м і
Курс	(сынып)	нөмірі
БӘД	курсын	өткені
Оқу	бітірген	уақыты
Кәсібі	(мамандығы)	
Ж ұ м ы с		о р н ы
Л а у а з ы м ы		
С п о р т		т ү р і
Спорт	жөніндегі	разряды
Әскер	қатарына	шақырылушының
немесе	туыстарының	қай
мемлекетпен	байланысы	бар
Әскер	қатарына	шақырылушының
с о т т ы		б о л у ы
Туыстарының	сотты	болуы

---

## 2. ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ОТБАСЫ ҚҰРАМЫ

---

Туыстығы	Тегі, аты-жөні	Туған жылы	Мекен-жайы	Жұмыс орны,
				еңбекке қабілеті

---

1) Әскер қатарына шақырылушымен бірге тұратындар

---

2) Ж е к е тұ р а т ы н д а р

---

## 3. ШАҚЫРУ УЧАСКЕСІНЕ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

---

	Тіркеу бойынша	Тіркеу бойынша
	комиссиядан өту	комиссиядан өту

1) N _____ хаттама		
2) Хаттаманың күні		

1) Антропометриялық деректер

Бойы (см.)				
Салмағы (кг.)				
И М Т				
Кеуде өлшемі				
Спирометрия				
Шектеу дәрежесі				

2) Тіркеу бойынша комиссияның қорытындысы

Жарамдылық	Шектеу	Жарамдылық	Шектеу
деңгейі	деңгейі	деңгейі	деңгейі

Х и р у р г  
Т е р а п е в т  
Ф л ю о р о г р а ф и я  
д е р е к т е р і  
Н е в р о п а т о л о г  
П с и х и а т р  
К ө з  
К ө р у

Т ү с т і  
О т о л а р и н г о л о г  
С ы б ы р д ы  
қ а б і л е т і :

д ә р і г е р і  
қ а б і л е т і :

О ң к ө з -  
С о л к ө з -

с е з і н у

е с т у

О ң қ ұ л а қ -  
С о л қ ұ л а қ -

Т і с д ә р і г е р і

Саптық	қызметке
жарамды	(шектеу
деңгейі)	
Емделуге	мұқтаж:
Бап	бойынша
Тексеруге	жіберу
Бейбіт	уақытта
әскери	қызметке
жарамсыз,	соғыс
уақытында	саптық
емес	қызметке
жарамды:	Бап
бойынша	
Әскери	есептен
шығарумен	әскери
қызметке	жарамсыз:
Бап	бойынша
Арналған	

---

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_ (қолы)

Төрағаның орынбасары \_\_\_\_\_ (қолы)

Хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

**4. МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

	Шақыру	Шақыру
	комиссиядан өту	комиссиядан өту

- |                    |  |  |
|--------------------|--|--|
| 1) N _____ хаттама |  |  |
| 2) Хаттаманың күні |  |  |

1) Антропометриялық деректер

Бойы (см.)				
Салмағы (кг.)				
ИМТ				



Кеуде өлшемі				
Спирометрия				
Шектеу дәрежесі				

2) Маман-дәрігерлер қорытындысы

Шақыру комиссиясынан өту Шақыру комиссиясынан өту	
Жарамдылық  Шектеу	Жарамдылық  Шектеу
деңгейі  деңгейі	деңгейі  деңгейі

Х и р у р г

Т е р а п е в т

Ф л ю о р о г р а ф и я

д е р е к т е р і

Н е в р о п а т о л о г

П с и х и а т р

К ө з

д ә р і г е р і

( о к у л и с т )

К ө р у

қ а б і л е т і

- о ң к ө з

- с о л к ө з

О т о л а р и н г о л о г

С ы б ы р л а п

с ө й л е у

- о ң қ ұ л а қ

- с о л қ ұ л а қ

Т і с

д ә р і г е р і

( с т о м а т о л о г )

Шақыру	Шақыру
комиссия.	комиссия.
сының	сының
шешімі	шешімі

Саптық қызметке жарамды, арналған

Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз,  
бейбіт уақытта саптық емес  
қызметке жарамды: бап бойынша  
Әскери есептен шығарумен әскери  
қызметке жарамсыз: бап бойынша  
Тексеруге жіберу  
Мынадай себептермен шақыруды  
кейінге қалдыру  
Қай уақытқа дейін  
Шақыру комиссиясының төрағасы  
Комиссия төрағасының орынбасары  
Комиссия мүшелері:  
А (Қ) ІІБ төрағасы  
Медициналық комиссия  
төрағасы-дәрігер  
Комиссия хатшысы

---

## 5. ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ

### *Ескертулер:*

1. Әскер қатарына шақырылушының есеп картасы сиямен (пастамен) толтырылады;
2. Ана тілін және мемлекеттік тілді меңгеру әскер қатарына шақырылушының сөзінен жазылады (тек сөйлейді, тек оқиды, еркін сөйлеседі және оқиды);
3. Оқу орны оқу орнынан алынған анықтаманың негізінде толтырылады;
4. Жұмыс орны жұмыс орнынан алынған анықтаманың негізінде толтырылады.
5. Спорт түрі мен спорт жөніндегі разряды спортшының біліктілік кітапшасы негізінде толтырылады;
6. Әскер қатарына шақырылушының қандай мемлекетпен байланысы бары әскер қатарына шақырылушының сөзінен толтырылады.
7. Үшінші тармақ тіркеу бойынша комиссияның шешімі негізінде толтырылады.
8. Төртінші тармақ шақыру комиссиясының шешімі негізінде толтырылады.
9. Бесінші тармақта басқа аудандардан келген әскер қатарына шақырылушыларды әскери есепке алу туралы және олар шақырту учаскесін ауыстырған жағдайда әскери есептен шығару туралы мөрмен белгілер (9-қосымша) қойылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
"Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
дайындау және жүргізу жөніндегі  
нұсқаулықты бекіту туралы"

2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
бекітілген Нұсқаулықтың 8-тармағына

5-қосымша

БӘК командасы

ҚР Қарулы Күштер түрі

N \_\_\_\_\_

(әскер тегі) \_\_\_\_\_

ҚР ҚК Бас штабының командасы

N \_\_\_\_\_

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

Алфавиттік-есеп кітабы бойынша реттік нөмірі \_\_\_\_\_

### ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ІСІ

( т е г і ,

а т ы - ж ө н і )

19\_\_ жылы туған ("\_\_\_" \_\_\_\_\_)

(күні мен айы)

Білімі \_\_\_\_\_

Ұлты \_\_\_\_\_

Азаматтық мамандығы \_\_\_\_\_

Әскери даярлығы \_\_\_\_\_

Спорттық разряды \_\_\_\_\_

Кейінге қалдыру \_\_\_\_\_

Сотталғандығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аудандық (қалалық) әскери комиссариат  
\_\_\_\_\_ облысы

М ұ қ а б а н ы ң с ы р т қ ы б е т і

Фотосурет үшін конверт

**Ж е к е і с т е т ұ р а т ы н к ұ ж а т т а р**

#### ТІЗІМДЕМЕСІ

1. Әскер қатарына шақырылушының есеп карточкасы.
2. Тууы туралы куәліктің көшірмесі.
3. Білімі туралы құжаттың көшірмесі.
4. Жұмыс немесе оқу орнынан анықтама.
5. Отбасы жағдайы туралы анықтама.
6. Оқу немесе жұмыс орнынан мінездеме.

7. Әскер қатарына шақырылушының зерделеу парағы.
8. Кеуде клеткалары органдарын рентгенологиялық зерттеу туралы анықтама.
9. Денсаулық жағдайы туралы, отбасы жағдайы туралы басқа да құжаттар.
10. Әскер қатарына шақырылушының жеке басын сипаттайтын ішкі істер органдарының, тексеру және алдын ала тергеу органдарының, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы сот органдарының, тегін, аты-жөні және басқа құжаттардың өзгертілуі туралы АХАТ органдарының хабары.

**Әскер қатарына шақырылушының жеке ісінің сыртқы бетін толтыру тәртібі**

1. Сол жақ жоғарғы бұрышқа облыстық әскери комиссариат белгілеген команда нөмірі қойылады. Оң жақ бұрышқа Бас штаб белгілеген әскер тегі көрсетіледі және команда нөмірі қойылады.

2. "Әскери даярлық" жолында қандай мамандық алғаны немесе ӘТМ-ге немесе орта кәсіптік-техникалық мектепте қандай мамандық бойынша даярланып жатқандығы көрсетіледі.

3. Мерзімді әскери қызметке шақырылғандардың жеке ісі - 5 жыл, мерзімді әскери қызметтен өтпегендердің жеке іс қағазы олар запасқа шығарылғаннан кейін 2 жыл сақталады (Әскер қатарына шақырылушылардың есеп картасы запасқа жіберілген адамдардың растайтын құжаттарымен 10 жыл сақталады).

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
"Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
дайындау және жүргізу жөніндегі  
нұсқаулықты бекіту туралы"

2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
бекітілген Нұсқаулықтың 10-тармағына

6-қосымша

Т і з і м д е м е б о й ы н ш а  
е с е п к е а л ы н д ы

N \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ ОБЛЫСЫ \_\_\_\_\_ АУДАНЫ (ҚАЛАСЫ)

**19\_\_ ЖЫЛЫ ТУҒАН АЗАМАТТАРДЫ ШАҚЫРУ УЧАСКЕСІНЕ ТІРКЕУ  
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ХАТТАМАЛАРЫНЫҢ  
КІТАБЫ**

Басталды 20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Аяқталды 20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Р/с| Тегі, |Туған|Денсаулық жағдайына|Объективті |Комиссия|Ескерту  
N |аты-жөні|жылы | шағымы, анамнез |тексерулер,| шешімі |  
| | | | (әскер қатарына |диагноздар | |

			шақырылушының	деректері		
			басқа өтініші)			
1	2	3	4	5	6	7

		20__ ж.	" ____ "		N 7 хаттама	

Тіркеуге шақырылды - адам

Оның ішінде медициналық тексеруден кейін қайта тіркелгені - адам

Белгісіз себептермен тіркеуге келмегені - адам

Тіркеуге келгені - адам

О л а р д ы ң і ш і н д е :

- саптық қызметке жарамдысы - адам
- емделуге мұқтаж (медициналық байқау) - адам
- бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды - адам
- әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз - адам
- қосымша тексеруге жіберілді - адам

Т і р к е л г е н і

Тіркелмегені

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(әскери атағы, қолы)

Комиссия төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_  
( қ о л ы )

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_  
(қолы)

## Шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабын жүргізу тәртібі

1. Кітап қатаң есеп беру құжаты болып табылады. Ол нөмірленуі, тігілуі, аудандық (қалалық) әскери комиссардың қолы қойылуы және елтаңбалы мөрмен куәландырылуы тиіс. Аталған кітап қызметтік пайдалану үшін құжаттар құқығында сақталады. Бұл кітаппен жұмыс істеуге адамдарды жіберу қатаң ш е к т е у л і б о л у ы т и і с .

2. Кітаптағы жазуды бұл үшін медбикелер қатарынан арнайы даярланған комиссия хатшысы жүргізеді. Жазу түсінікті және ұқыпты жазылады. Түзетулер мен толықтырулар екінші бөлімшенің бастығымен және әскери комиссариаттың м ө р і м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

3. Кітапқа тіркеуге келуге жататын, тізімге енгізілген (2-қосымша) барлық азаматтар, соның ішінде ауыр науқастан зардап шегуші, тіркеуге жеке келу мүмкіндігінен айырылған адамдар жазылады.

4. Қосымша медициналық тексеруге жіберілген тұлға кітапқа екі рет жазылады: тексеруге жіберілген және қайтадан сол бойынша тіркеу жөніндегі комиссияның соңғы шешімі қабылданған күні. Осыған орай 2-бағанда тегінен, аты-жөнінен төменірек "қайтадан" деп жазылады.

5. Ауруы бар шақырылушыға комиссияның диагноз қойып, шешім қабылдауына негіз болатын жан-жақты зертханалық, рентгенологиялық және басқа да тексерулердің қысқаша талдауы мен деректері комиссия хаттамасына е н г і з і л е д і .

Сараптамалық шешім шығару кезінде денсаулық жағдайын зерттеу мен ауру тарихынан алынған қолда бар көшірме нәтижелері ескеріледі.

Хаттамаларда реттік нөмірлер мынадай жолмен жүргізіледі: саналуы осы хаттаманың реттік нөмірі бойынша есептеледі, N 2 хаттамадан бастап реттік нөмірлер үдемелі жинақтаушы санмен қорытындыланады.

6. Тіркеу аяқталғаннан кейін кітапта шақыру учаскелерінде азаматтарды тіркеу нәтижелерінің жалпы қорытындысы шығарылады.

7. Кітап 5 жыл сақталады.

---

Нө. мірі	Уақыты	Тіркеу бойынша	Олардың ішінде				
		комис. саядан	саптық қызметке	Емделуге мұқтаждар	Бейбіт уақытта	Әскери есептен	Қосымша медици. налық
		өтті	жарам. дылар	(медици. налық қызметке	әскери налық қызметке	шығару. мен	налық тексеруге
				байқауға)	жарам. әскери	жіберілді	
					сыздар,	қызметке	

					соғыс	жарам.
					уақытында	сыздар
					саптық	
					емес	
					қызметке	
					жарамдылар	

**Б а р л ы ғ ы**

Тексеруге жіберілген 16-дан тексеруден кейін танылғаны

Барлығы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
 "Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
 дайындау және жүргізу жөніндегі  
 нұсқаулықты бекіту туралы"  
 2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
 бекітілген Нұсқаулықтың 19-тармағына  
 7-қосымша

**Қ А Р У Л Ы**  
**БЕЛГІСІ**

**К У Ш Т Е Р Д І Ñ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ**  
**шақыру учаскесіне тіркеу туралы**  
**КУӘЛІК**

**Шақыру**

**учаскесіне**

**тіркеу**

**туралы**

**КУӘЛІК**

**1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

**ҚР N 000000**

1) Туған жері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты,

\_\_\_\_\_ 2) Ұлты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ 3) Білімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (туған күні, айы, жылы)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. медициналық  
 комиссиядан өтті және \_\_\_\_\_

Шақыру учаскесіне  
 тіркелді

4) Азаматтық мамандығы \_\_\_\_\_

Фотосурет \_\_\_\_\_

орны \_\_\_\_\_

5) Отбасы жағдайы \_\_\_\_\_

МО \_\_\_\_\_

Әскери комиссар \_\_\_\_\_

(әскери атағы, қолы)

ҚР N 000000

ҚР N 000000

**2. ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ  
ӘСКЕРИ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ**

**3. ШАҚЫРУ КОМИССИЯСЫНАН ӨТУ  
НӘТИЖЕСІ**

Әскери есепке | Әскери есептен  
алынды | шығарылды

1. \_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ әскери комиссариаты жанындағы  
\_\_\_\_\_ шақыру комиссиясынан

мерзімді әскери қызметке шақырылды.

Әскери бөлімге жіберу үшін 20\_ жылы

"\_\_" \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ келсін

М.О. \_\_\_\_\_ **Әскери комиссар**

\_\_\_\_\_  
(әскери атағы, қолы)

2. \_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ әскери комиссариаты жанындағы

\_\_\_\_\_ шақыру  
комиссиясынан мерзімді әскери  
қызметке шақырылды.

Айрықша өкім болғанға дейін  
әскерлерге жіберілуден босатылды.

М.О. \_\_\_\_\_ **Әскери комиссар**

\_\_\_\_\_  
(әскери атағы, қолы)

3. \_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ әскери  
комиссариаты жанындағы шақыру  
комиссиясы 20\_ жылы "\_\_" \_\_\_\_\_  
дейін шақырудан кейінге  
қалдыруды ұсынады. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ әскери  
комиссариаты жанындағы шақыру  
комиссиясы 20\_ жылы "\_\_" \_\_\_\_\_  
дейін шақырудан кейінге қалдыруды  
ұсынады. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(кейінге қалдырудың түрі



\_\_\_\_\_ (кейінге қалдырудың түрі

\_\_\_\_\_ көрсетілсін)

-----  
М.О. **Әскери комиссар**

\_\_\_\_\_ к ө р с е т і л с і н )  
М.О. **Әскери комиссар**

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

4. \_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ әскери

6. \_\_\_\_\_ әскери комиссариаты \_\_\_\_\_ облысы

комиссариаты жанындағы шақыру

\_\_\_\_\_ облысы

комиссиясы 20\_ жылы " \_ " \_\_\_\_\_

20\_ жылы " \_ " \_\_\_\_\_ диспансерлік

дейін шақырудан кейінге

(амбулаториялық, клиникалық)

қалдыруды ұсынады \_\_\_\_\_

тексеруге жіберді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (кейінге қалдырудың түрі

-----  
көрсетілсін)

М.О. **Әскери комиссар**

М.О. **Әскери комиссар**

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

-----  
**ҚР N 000000**

**ҚР N 000000**

#### **4. ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР**

7. \_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ әскери комиссариаты

жанындағы \_\_\_\_\_ шақыру

комиссиясы мерзімді әскери

қызметке шақыру туралы шешім.

нің күшін жойды (20\_ жылы

" \_ " \_\_\_\_\_ N \_ хаттама)

разрядтары бар.

Бастапқы әскери даярлықтан

қашан және қайда өтті. Әскери-

техникалық мектепте немесе орта

кәсіптік-техникалық мектепте

қандай мамандық бойынша даярлықтан

өтеді немесе өтті. Қандай спорттық

М . О .

**Әскери комиссар**

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

8. \_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ әскери

\_\_\_\_\_ әскери комиссариаты

жанындағы \_\_\_\_\_ шақыру

комиссиясынан \_\_\_\_\_ мерзімді

қызметке \_\_\_\_\_ шақырылды. \_\_\_\_\_ Әскери

бөлімге жіберу үшін (20\_ жылы  
"\_"\_ N\_ хаттама)

М. О .

Әскери комиссар

(әскери атағы, қолы)

Қ Р

N

0 0 0 0 0 0

5 .

## М І Н Д Е Т Т Е Р

**Шақыру учаскелеріне тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеттері және олардың әскери есепте тұру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі**

1. Тіркеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының азаматы - шақыру учаскесіне тіркелген шақырылушының бірден-бір құжаты болып табылады.

2. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының баптары негізінде шақыру учаскесіне тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары 18 жасқа толғаннан кейін шақырылушы болып табылады.

3. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес шақырылушылар мынадай талаптарды қатаң орындауы тиіс:

1) Әскери комиссариаттардың жолдамасы бойынша оқу ұйымдарына, әскери-техникалық мектептерге міндетті түрде барып, өзін белсенді түрде даярлауы. Орта білімі жоқ адамдар, олар оқу үшін бекітілген оқу орындарына тұруы ;

2) әскери комиссариаттар медициналық комиссияларының тағайындауы бойынша тиісті емдеу-профилактикалық мекемелерде міндетті тәртіппен амбулаторлық немесе стационарлық емдеуден өтуі;

3) спорт қоғамдары мен ұйымдарының жұмысына белсене қатысуы, өз денесін шынықтыру, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануы;

4) әскери есепте тұрудың белгіленген ережесін қатаң сақтауы. Тұрақты немесе уақытша тұруға (бір жарым айдан астам мерзімге) басқа жерге, ал қызметтік іссапарға, оқуға, демалысқа немесе емделу үшін (үш айдан астам мерзімге) кеткен кезде немесе тұрғылықты жерін ауыстырып басқа әкімшілік ауданының аумағына көшкен жағдайда әскери комиссариатқа өзі жеке келіп әскери есептен шығару туралы жазбаша өтініш беруі.

Жаңа тұрғылықты жерге келгеннен соң 3 күн ішінде әскери есепке қабылдау (тұру) үшін өзі комиссариатқа келуі.

Отбасы жағдайын, тұрғылықты мекен-жайын, білімін, жұмыс орнын және лауазымын өзгерткен кезде жеті күндік мерзімнен кешіктірмей шақырылушы әскери есепте тұратын әскери есепке алу органына бұл туралы жеке хабарлауы;

5) Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру туралы әскери комиссардың бұйрығын жариялау кезінде шақыру учаскелеріне бұйрықтарда көрсетілген мерзімде тура келу. Тұрғылықты жерінен уақытша кеткен адамдар азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жарияланысымен жедел тұрақты тұрғылықты жеріне келіп әскери есепте тұратын әскери комиссариатқа баруы;

б) шақыру учаскесінің өзгеруіне 1 қаңтардан 1 сәуірге дейін және 1 шілдеден 1 қазанға дейін рұқсат етіледі. Жылдың басқа уақытында шақыру учаскесін өзгерту тек: әкімшілік шақырылушыны басқа жерге жұмысқа жібергенде; отбасы құрамында басқа аудандағы жаңа мекен-жайға көшуге не тұрғын алаңын алуға байланысты көшкенде; білім алу үшін шақырылушы оқу орнынан қабылданғанда және оқу ұйымдарын бітіргеннен кейін тиісті органдардың жолдамасы бойынша жұмысқа жіберілген кезде ғана рұқсат етілуі мүмкін. Шақыру учаскесінің 1 сәуірден 1 шілдеге дейін және 1 қазаннан 1 қаңтарға дейінгі кезеңде өзгерту қажеттігі әскери комиссариатқа ұсынылатын құжаттармен расталуы қажет.

4. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есепке тұру ережелерін бұзғаны және шақыру бойынша әскери комиссариатқа барудан бас тартқаны үшін жауапты болады.

Шақыру учаскесіне тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары әскери есепте тұру ережелерін бұзғаны үшін, әскери комиссариаттың шақыруына дәлелсіз себептермен келмегені үшін, шақыру учаскесіне тіркеу жөніндегі куәлікті әдейі бүлдіргені немесе оның жоғалуына әкеп соқтырған ұқыпсыз ұстағаны үшін, өзі әскери есепте тұратын есепке алу органына тұратын мекен-жайының, жұмыс орнының және қызметінің өзгергені және тіркеу үшін дәлелсіз себептерсіз шақыру учаскесіне келмегені жөнінде мәліметтерді уақытылы хабарламағаны үшін қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
"Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
дайындау және жүргізу жөніндегі  
нұсқаулықты бекіту туралы"  
2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
бекітілген Нұсқаулықтың 17-тармағына  
8-қосымша

**N \_\_\_\_\_ ЖОЛДАМА**

Азамат \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, туған жылы)

Сіз стационарлық тексерілу (емделу) үшін \_\_\_\_\_

---

(емдеу-алдын алу ұйымының атауы

және ұйымның мекен-жайы)

жіберілесіз.

Емдеу-алдын алу ұйымына сағ. \_\_\_\_\_ келіңіз.

20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

МО Аудандық (қалалық) әскери комиссар \_\_\_\_\_

-----  
(әскери атағы, қолы)

20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

-----  
(қию сызығы)

### **ХАБАРЛАМА**

Кімге \_\_\_\_\_

(ұйым басшысының лауазымы, тегі, аты-жөні)

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес \_\_\_\_\_

-----  
(тегі, аты-жөні)

стационарлық тексеру (емделу) үшін \_\_\_\_\_

-----  
(емдеу-алдын алу ұйымының атауы

және ұйымның мекен-жайы)

жіберіледі.

Осыған байланысты Сіздің оған стационарлық тексеру (емделу) курсынан өту үшін уақыт беруіңізді сұраймын.

МО Аудандық (қалалық) әскери комиссар \_\_\_\_\_

-----  
(әскери атағы, қолы)

20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің

"Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді

дайындау және жүргізу жөніндегі

нұсқаулықты бекіту туралы"

2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен

бекітілген Нұсқаулықтың 19-тармағына

9-қосымша

**Әскер қатарына шақырылушыларды әскери есепке алу және әскери есептен шығару туралы МӨРТАҢБА ҮЛГІСІ**

----- АӘК  
 ----- обл  
 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің  
 "Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді  
 дайындау және жүргізу жөніндегі  
 нұсқаулықты бекіту туралы"  
 2003 жылғы 24 ақпандағы N 60 бұйрығымен  
 бекітілген Нұсқаулықтың 20-тармағына  
 10-қосымша  
 N \_\_\_ тізімдеме бойынша есепке алынды  
 20\_\_\_ ж.

**ОБЛЫСЫ \_\_\_\_\_**

**А У Д А Н Ы**  
**АУМАҒЫНДА ТҰРАТЫН 19\_\_\_ ЖЫЛЫ ТУҒАН**  
**ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫҢ**  
**АЛФАВИТТІК ЕСЕП КІТАБЫ**  
 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды  
 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды

р/с	Тегі,	Тұрғы.	Шақыру		Қандай әскери
N	аты-жөні	лықты	учаскесіне		комиссариатқа
	әкесінің	жері	тіркелген		кетті, қашан.
	аты		күні. Егер		Жеке ісін
			келсе, қандай		жіберу күні
			әскери комис.		және қандай
			сариаттан,		шығыс нөмірімен
					әскери есепке
					алынған күні
					және жеке ісін
					алған күні

1	2	3	4	5
та б л и ц а н ы ң				ж а л ғ а с ы
Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясынан өту нәтижелері			Шақырылушының ісін сақтау орны туралы	
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне шақыру туралы белгі. Қашан, қандай әскери команданың құрамында кетті	Шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну туралы белгі. Негіздеме және қай уақытқа дейін кейінге қалдыру ұсынылды	Запасқа қосу немесе әскери есептен шығару туралы белгі. Шақыру комиссиясы хаттамасының күні және нөмірі	белгі	
6	7	8	9	

### **Алфавиттік-есеп кітабын жүргізу тәртібі**

1. Алфавиттік есеп кітабы қатаң түрде есеп беру құжаты болып саналады. Кітап нөмірленеді, тігіледі, мөрленеді, аудандық (қалалық) әскери комиссардың қолы қойылады және сүргілі елтаңбалы мөрмен куәландырылады. Адамдардың кітаппен жұмыс істеуіне рұқсат беру қатаң шектелген.

2. Алфавиттік есеп кітабына шақыру учаскесіне тіркелген барлық әскер қатарына шақырылушылар, оның ішінде бейбіт уақытта жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды, әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз деп танылғандар, әскери есепке басқа әскери комиссариаттардан келгендер, сондай-ақ шақыру учаскелеріне азаматтарды тіркегеннен кейін келгендер енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде запаста тұратын, медициналық қайта куәландыру кезінде бейбіт уақытта мерзімді әскери қызметке жарамды деп танылған, 27 жасқа толмаған адамдар "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскер қатарына шақырылушылардың әскери есебіне қайта алынады, осы жөнінде шешім шығарған дәрігерлік комиссия хаттамасының нөмірі мен күніне сілтеме жасай отырып, алфавиттік-есеп кітабына жаңадан жазылады.

Кітап 75 жыл сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК